

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 22 қаңтар

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Өздеріңізге белгілі, аптаның басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың отырысы өтті. Қалыптасқан дәстүр бойынша алқалы жиында еліміздің болашағына тікелей ықпал ететін маңызды бастамалар көтерілді. Оның ішінде конституциялық және парламенттік реформаға қатысты нақты ұсыныстар айтылды. Атап айтқанда, Президент болашақ Парламенттің атауы, құрылымы мен өкілеттігі бойынша пікірін білдірді. Сонымен қатар қоғамдық-саяси және мемлекеттік билік институттарын реформалауды көздейтін ұсыныстарын жариялады. Олардың қатарында Халық Кеңесі және Вице-Президент сияқты жаңа институттар бар. Осылайша Ұлттық құрылтайда әділетті Қазақстанның жаңа конституциялық моделі айқындалды деп айтуға толық негіз бар.

Жиында айтылған барлық бастамаларды Президенттің Жарлығымен құрылған арнайы комиссия сараптап, тиісті өзгерістер топтамасын әзірлейді. Кейіннен бұл құжат жалпыхалықтық референдумға шығарылады.

Бастамалардың түпкі мақсаты – «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына сай келетін берік әрі әділ жаңа саяси жүйе қалыптастыру.

Өз кезегінде Сенат депутаттары Мемлекет басшысының елімізді дамытуға және тәуелсіздігімізді нығайтуға арналған бастамаларын толық қолдай отырып, оларды ілгерілетуге өз үлесін қосады. Сондай-ақ заңнамалық түзетулерді қажет ететін шешімдерді уақытылы пысықтаймыз. Осылайша мүдделі тараптармен бірлесе отырып, ел игілігіне бағытталған қызметімізді жоғары деңгейде атқарамыз деп сенемін.

Құрметті әріптестер, енді жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы адамдарды реадмиссиялау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы адамдарды реадмиссиялау туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң ұсынылады.

Келісімге Мемлекет басшысының Француз Республикасына ресми сапары барысында 2024 жылғы 5 қараша күні қол қойылды.

Келісім мына мақсаттарды іске асыруға бағытталған:

көші-қон процестерін басқару және заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл саласында Қазақстан мен Франция мемлекеттері арасында екіжақты ынтымақтастық жасау үшін құқықтық негіз жасау;

келісім тараптары болып табылатын мемлекеттер аумағына заңсыз келген, онда болған немесе тұратын адамдарды қайтарудың тиімді тетігін қамтамасыз ету, сондай-ақ көші-қон режимдерін теріс пайдаланудың алдын алу.

Ратификациялауға ұсынылып отырған құжат адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу тетіктерін іске асыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және рәсімдік шаралардың егжей-тегжейлі тәртібін белгілейді. Атап айтқанда, келісім мына нормаларды қамтиды:

реадмиссия, транзит, құзыретті органдар және басқа да шартты тиімді қолданып, оның ережелерін түсінудің бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталған анықтамалар көзделеді;

реадмиссиялаудың рәсімдері, атап айтқанда оның негіздері, реадмиссиялау туралы өтініш хаттың мазмұны мен оған жауап беру мерзімі, заңсыз келуді растайтын дәлелдемелер тізімі, консулдық тыңдаулар өткізілетін жағдайлар реттеледі;

транзиттеудің шарттары мен қағидаттары, оның рәсімдері, транзиттеуден бас тарту негіздері нақты анықталады;

жол жүру құжаттарын беру, адамдарды беруді ұйымдастыру, екі мемлекеттің келісімді іске асыруы үшін мемлекеттік шекара арқылы өтетін пункттері, сондай-ақ реадмиссияланатын адамдарды сүйемелдеу шарттары белгіленеді;

келісімді іске асыру барысында дербес деректерді беру және өңдеу, оларды қорғау тәртібі айқындалады;

көлік және транзиттеу шығыстарын бөлу тетігі бекітіледі.

Келісімді іске асырып, тікелей өзара іс-қимыл жасайтын құзыретті органдар ретінде Қазақстан мен Франция тараптарынан олардың Ішкі істер министрліктері белгіленеді.

Құжатты ратификациялау заңсыз көші-қонға қарсы күресте тиімділікті арттыруға және екі елдің аумағында болған азаматтарды оларға әкімшілік санкциялар қолданбай қайтаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Заң жұмыс тобы мен комитет отырысында жан-жақты талқыланып, қаралды.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы адамдарды реадмиссиялау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қайрат Құлбайұлы.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Келісімнің тараптар мемлекеттерінің азаматтарын реадмиссиялау жайлы 2-бабының 3-тармағында «сұрау салынатын тарап реадмиссиялауға жататын адамның ерік білдіруіне қарамастан, қажет болған кезде осы адамды қайтару үшін қажетті, қолданылу мерзімі кемінде 6 айды құрайтын жол жүру құжатын береді» делінген, яғни реадмиссияға жататын адамды заңды немесе нақты себептермен осы мерзім ішінде беруге мүмкіндік болатын болады. Сұрау салынатын тараптың осындай мерзімге жаңа жол жүру құжатын беруі көзделген. Бұл 6 айдан 1 жылға дейінгі мерзім.

Не себепті осы мерзімдер белгіленіп отыр деген сұрақ туындайды. Мұндай шешім екі ел арасында заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл жасау тиімділігін арттыруға кедергі болмайды ма, яғни реадмиссиялауға жататын адамдарды жедел қайтаруға кедергі жасалып тұрған жоқ па? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің орынбасары Әділов Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Әсем Қалашбайқызы, сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі таңда алты айлық жарамдылық мерзімін анықтау құжаттары жалпы әлемдік тәжірибе. Бұл мерзім біріншіден, адамның еліне оралуы үшін, екіншіден, жеке куәлігін алу үшін беріледі. Жалпы аталған мерзім жедел реадмиссиялауға ешқандай кедергі келтірмейді және осы жеделдетілген рәсім бойынша екі күннің ішінде жүзеге асырылатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ершов Сергей Михайловичке беріледі.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сағатханұлы.

Вопрос к Министерству иностранных дел Республики Казахстан.

Соглашение рассматривается как элемент расширения сотрудничества с Францией и сближения миграционных процедур с европейскими стандартами.

Как в перспективе реализация данного соглашения может повлиять на переговоры по упрощению визового режима и развитие аналогичных соглашений с другими странами Европейского союза? Спасибо.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің орынбасары Бақаев Әлібек Әсетұлы, жауап беріңіз.

БАҚАЕВ Ә.Ә. Спасибо за вопрос.

На самом деле такого рода соглашения, которые подписываются на двусторонней основе, будут содействовать тому, чтобы соглашение о безвизовом режиме и соглашение о реадмиссии, которые мы сейчас изучаем и с нашими европейскими коллегами готовим к подписанию, будут содействовать ускоренному подписанию.

Франция – не первая страна, с которой мы подписываем такие документы на двусторонней основе. Любой процесс, который происходит на двусторонней основе, будет содействовать процессу, который происходит в многостороннем формате.

Что касается в целом процесса по облегчению визового режима для граждан Казахстана, то процедура началась, с Европейским союзом в будущем месяце состоится второй раунд переговоров. Наша работа с Европейским союзом делится на две группы, на два этапа. Первая группа занимается соглашением о реадмиссии, вторая группа занимается соглашением об облегчении визового режима. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Қазіргі таңда цифрлық мемлекеттік сервистердің қарқынды дамуы жеке тұлғаны сәйкестендірудің дәстүрлі тәсілдеріне елеулі өзгерістер енгізіп отыр. Қазақстан Республикасында азаматтар жеке басын куәландыратын құжаттарды цифрлық платформалар арқылы электрондық форматта мемлекеттік органдарға, құқық қорғау органдарына, сондай-ақ өзге де уәкілетті ұйымдарға ұсына алады және бұл тетік ел ішінде кеңінен қолданысқа ие. Сонымен қатар халықаралық қатынастар мен көші-қон саласында электрондық құжаттарды өзге мемлекеттердің уәкілетті органдарының тануы әлі де күрделі әрі нақты құқықтық реттеуді талап ететін мәселе болып отыр. Осыған байланысты сұрақ туындайды.

Рeadмиссия рәсімдерін іске асыру барысында Қазақстан Республикасы азаматтарының цифрлық платформалар арқылы қолжетімді электрондық құжаттары Франция Республикасының көші-қон және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл кезінде заңды күшке ие бола ма? Егер мұндай тану көзделмесе болашақта электрондық құжаттарды өзара мойындау мәселесін екіжақты келісімдер немесе техникалық хаттамалар арқылы құқықтық тұрғыдан бекіту жоспарланып отыр ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әділов Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Құрметті Серік Жаманқұлұлы, сұрағыңызға рақмет. Келісімде электрондық құжаттарды өзара тану көзделмеген және де жақын арада ондай жоспар жоқ. Алайда электрондық құжаттардың болуы реадмиссия рәсімі бойынша азаматтықты анықтау үшін мүмкіндік береді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства внутренних дел.

Соглашение предусматривает реадмиссию лиц, незаконно прибывших на территорию Республики Казахстан и Французской Республики.

Надо отметить, что в последние годы благодаря заключенным международным соглашениям реадмиссия играет важную роль в противодействии нелегальной миграции.

В этой связи прошу разъяснить. Какие меры будут применяться к гражданам Республики Казахстан при их возвращении? Предусматривает ли соглашение ограничения на последующий въезд наших граждан на территорию Франции? Спасибо.

ТӨРАҒА. Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Спасибо за вопросы, Закиржан Пирмухамедович.

Основной эффект соглашения о реадмиссии заключается в том, что какие-либо санкционные меры к нашим гражданам, которые подпадут под реадмиссию, не предусмотрены.

Конечно, если было совершено какое-то умышленное деяние на территории Франции, в последующем наш гражданин был возвращен в Казахстан, ему будет запрещен въезд через шенген. Если же он оказался в какой-то неумышленной ситуации, были объективные причины, такие как болезнь, утеря документов, то каких-либо дальнейших препятствий для поездки потом во Францию не будет. В этой части хотел бы отметить, что политика миграционных властей Франции лояльная. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Қайрат Құлбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Траншекаралық мобильдіктің артуы жағдайында заңсыз көші-қонға және көші-қон режимдерін теріс пайдалануға қарсы

тұруға бағытталған құқықтық тетіктерді айқындайтын миграция саласындағы халықаралық шарттар ерекше маңызға ие.

Қаралып отырған келісім тарап мемлекеттерінің аумағына заңсыз келген, онда болған немесе тұратын адамдарды реадмиссиялаудың шарттары мен тәртібін, сондай-ақ үшінші мемлекеттер азаматтарын немесе азаматтығы жоқ адамдарды транзиттеу рәсімдерін реттейді. Сонымен қатар құжатта адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған маңызды кепілдіктер көзделген. Атап айтқанда, азаптауға, адамгершілікке жатпайтын және қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекетке, жазалауға, өлім жазасына немесе нәсілдік, діни, ұлттық, не саяси сенім белгісі бойынша қудалауға ұшырау қатері болса транзиттеуден бас тарту мүмкіндігі бекітіледі. Сондай-ақ тиісті шартты іске асыру барысында дербес деректерді қорғау туралы ережелер де қамтылған.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңның 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес келісім ратификациялауға жатады, себебі ол адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын реттеуге бағытталған.

Құжат Қазақстан-Француз қатынастарын дамытудың қисынды жалғасы бола отырып, мемлекеттер арасындағы өзара сенімнің жоғары деңгейін көрсетеді.

Келісімді іске асыру мемлекеттік көші-қон саясатының тиімділігін арттыруға, заңсыз көші-қонға қарсы күресті күшейтуге, ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға, сондай-ақ реадмиссия саласындағы уәкілетті органдардың қызметін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы келісімді ратификациялау Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне және халықаралық міндеттемелеріне толық сәйкес келеді деп есептеймін.

Қазақстан реадмиссиялау туралы келісімді жиырмаға жуық елмен жасаған. Мысалы, Өзбекстан, Ресей Федерациясы, Германия, Швейцария, Польша, Чехия және тағы басқа мемлекеттер. Бұл адам құқықтарын сақтауға және халықаралық құқықтық тәртіпті нығайтуға оң ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы адамдарды реадмиссиялау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған келісім екі ел арасындағы заңсыз көші-қонға қарсы шаралар қабылдау мақсатымен әзірленген. Осы құжат арқылы реадмиссияның құқықтық негіздері мен шарттары айқындалып отыр. Келісімді ратификациялау тараптардың құзыретті органдарының көші-қон саласындағы ынтымақтастығын арттыруды көздейді,

сондай-ақ екі ел арасындағы серіктестікті одан әрі дамытуға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Есбай Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ЕСБАЙ А.Ғ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Қазақстан мен Моңғолия арасында зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы екіжақты ынтымақтастықты жандандыруға бағытталған келісімге Мемлекет басшысы 2024 жылғы 29 қазанда Моңғолияға ресми сапар аясында Ұланбатыр қаласында қол қойды.

Қаралып отырған заң осы халықаралық келісімді ратификациялауды көздейді.

Келісімнің мақсаты – азаматтық тұлғаларға зейнетақы төлемдерін тағайындау саласындағы құқықтық қатынастарды реттеу. Атап айтқанда, ынтымақты зейнетақы саласында еңбек өтілін өзара тану, сондай-ақ әскери қызмет өткеру кезеңдері мен жоғары және орта арнаулы білім беру ұйымдарында оқу уақытын еңбек өтіліне есепке алу тетіктері қарастырылады. Сондай-ақ келісіммен Қазақстан мен Моңғолия арасында жинақтаушы зейнетақы экспорты бойынша ынтымақтастықтың жаңа формасы көзделіп отыр. Бұл азаматтардың зейнетақы жинақтарын басқа мемлекеттің аумағында пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы келісім шеңберінде зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін екі елдің аумағында жинақталған еңбек өтілін растау тәртібі бекітіледі. Бұл азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қорғау тұрғысынан маңызды қадам болып табылады.

Келісіммен уәкілетті органдар ретінде Қазақстан тарапынан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Моңғолия тарапынан Отбасы, еңбек, және әлеуметтік қорғау министрлігі айқындалған.

Келісімді ратификациялау екі ел азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарын қамтамасыз етіп, Қазақстан мен Моңғолия азаматтарының көшу немесе тұрақты тұру жағдайында еңбек өтілін тануға және есепке алуға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Заң тиісті мемлекеттік органдардың өкілдері, сарапшылар, сала мамандарының қатысуымен комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттерінен және оның Аппаратынан ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Ниязова Нурия Исмагиловнаға беріледі.

НИЯЗОВА Н.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы вице-министру труда и социальной защиты населения Республики Казахстан.

Прошу разъяснить. Какую дополнительную нагрузку на Единый накопительный пенсионный фонд – финансовую и административную – предполагает реализация данного соглашения? Какие меры предусмотрены для обеспечения эффективного администрирования и недопущения роста расходов фонда?

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Шегай Виктория Вильгельмовна, жауап беріңіз.

ШЕГАЙ В.В. Нурия Исмагиловна, спасибо за вопросы.

Что касается конвертации и выплат в иностранной валюте из Единого накопительного пенсионного фонда, то уже сегодня в рамках действующего законодательства Единый накопительный пенсионный фонд переводит пенсионные накопления лиц, выехавших на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан, одномоментно в различных валютах, включая доллары США и евро.

При этом, учитывая незначительный отток наших граждан в Монголию... Так, по данным Министерства внутренних дел, порядка 2200 человек выехало за последние 21 год. Например, в прошлом году лиц, достигших пенсионного возраста и выехавших на постоянное место жительства в Монголию, было всего семь человек. Соответственно, значительной финансовой и административной нагрузки на Единый накопительный пенсионный фонд не ожидается.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым да Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Мен аталған заңды қолдаймын. Бұл келісімді ратификациялау Қазақстан мен Моңғолия азаматтарына зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша қосымша құқықтар мен кепілдіктер береді деп кәміл сенемін. Сонымен қатар осы заңға қатысты екі сұрақ туындап отыр.

Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары осы келісімді қолдану тәртібі туралы азаматтарды қандай жолмен ақпараттандыратынын нақтылап өтсеңіздер.

Қарапайым азаматтар, соның ішінде Моңғолия аумағында тұратын азаматтар зейнетақы тағайындау шарттары, қажетті құжаттардың тізбесі, өтініштерді қарау мерзімдері жөнінде ақпаратты қалай алады?

Өтініштерді қабылдау және зейнетақы төлемдерінің мәртебесін қадағалау үшін бірыңғай консультациялық орталықтар немесе цифрлық сервистер сіздерде қарастырылған ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Виктория Вильгельмовна, жауап беріңіз.

ШЕГАЙ В.В. Спасибо за вопросы, Геннадий Геннадиевич.

Что касается вопроса информирования наших граждан о вступлении в силу норм Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Монголии о сотрудничестве в пенсионной сфере, то нами проводится комплексная работа на территории Казахстана. Сегодня документы подаются посредством центров обслуживания населения Государственной корпорации «Правительство для граждан». Данные организации оповещены, им предоставлены все методические рекомендации, в том числе по консультированию наших граждан, прибывших из Монголии на постоянное проживание на территории Республики Казахстан.

Такая же информация была предоставлена единому контакт-центру «1414».

Кроме того, мы проводим широкую информационно-разъяснительную работу путем размещения в средствах массовой информации, на официальных сайтах Единого накопительного пенсионного фонда, Государственной корпорации «Правительство для граждан» и других информационных ресурсах.

Что касается информирования граждан, которые на сегодня находятся на территории Монголии, также будет обеспечено информирование уполномоченным органом Монголии. Соответствующая информация будет предоставляться нашим гражданам, которые переезжают на постоянное место жительства в Монголию.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Моңғолияның әлеуметтік сақтандыру туралы ұлттық заңнамасына сәйкес жерасты жұмыстарында, ыстық температуралық жағдайларда немесе еңбек жағдайлары зиянды әрі ауыр жұмыстарда он жыл жұмыс істеген қызметкерлердің мерзімінен бұрын зейнетке шығу құқығы бар. Алайда Қазақстан мен Моңғолия арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімде мұндай мерзімінен бұрын тағайындалатын зейнетақылар оның қолданылу аясына кірмейтіні және тек Моңғолия заңнамасы шеңберінде қарастырылатыны тікелей көрсетілген. Осыған байланысты сұрақ туындайды.

Зиянды еңбек жағдайлары үшін арнайы мерзімінен бұрын зейнетақы тағайындалған, кейін Қазақстан Республикасына қандас мәртебесімен қоныс аударған Моңғолия азаматы

аталған зейнетақыны Қазақстан Республикасының аумағында алу құқығына ие бола алады ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Виктория Вильгельмовна, жауап беріңіз.

ШЕГАЙ В.В. Құрметті Мұрат Болатұлы, сұрағыңызға рақмет.

Что касается выплаты льготной пенсии прибывшим в статусе кандаса на постоянное проживание на территории Республики Казахстан, то до момента выхода его из гражданства Монголии и принятия гражданства Казахстана выплаты будут продолжаться так же, как сегодня это производится в рамках законодательства Монголии. Тем гражданам, кому пенсия уже назначена, в том числе льготная пенсия, выплата продолжается независимо от того, постоянно проживают на территории Монголии либо за ее пределами.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Амангелді Ғабдылкәрімұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сенаттың қарауындағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша әріптесім Амангелді Ғабдылкәрімұлы баяндап берді.

Келісімді ратификациялау Қазақстан мен Моңғолия азаматтарының көшу немесе тұрақты тұру жағдайында зейнетақы бойынша құқықтарын қорғауға, екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, әсіресе қандастарымыз үшін нақты әлеуметтік қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Мәселен, Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сәйкес өткен жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Моңғолиядан Қазақстанға тұрақты тұруға 6 мың 654 азамат көшкен, оның ішінде 6 мың 109 азамат тарихи отанына оралған қандастар.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша тарихи отанына оралған 1 мың 800-ге жуық азаматқа зейнетақы төлемдері тағайындалған. Осы келісім күшіне енген кезде 400-ден аса азаматқа еңбек өтілін қайта есептеу және зейнетақы төлемдерін қайта қарастыру жоспарланған. Сондай-ақ бұл құжат Моңғолия аумағында өмір сүріп жатқан немесе жұмыс істеген Қазақстан азаматтарының әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, азаматтардың әлеуметтік кепілдіктері мен құқықтарын сақтауға, халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және екі мемлекет арасындағы өзара сенімді күшейтуге ықпал ететін болады.

Құрметті әріптестер! Мен аталған заңды қолдаймын және сіздерді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Мақұлданған құжат Қазақстан мен Моңғолияның зейнетақы саласындағы ынтымақтастығын дамытуды көздейді. Атап айтқанда, азаматтарымызға бір елден екінші елге көшкенде зейнетақы төлемдерін тағайындау және төлеу, еңбек өтілін тану бөлігінде құзыретті органдардың ақпарат алмасу тетіктері қарастырылды. Жалпы, бұл келісімнің жүзеге асырылуы елдеріміздің достыққа негізделген қарым-қатынастарын тереңдетуге, сондай-ақ азаматтардың әлеуметтік кепілдіктері мен құқықтарын нығайтуға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе «Алатау қаласының арнаулы мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы.

Өздеріңізге белгілі, регламентке сәйкес конституциялық заңдар палаталардың бірлескен отырысында қабылданады. Палаталардың әрқайсысы бірлескен отырысқа дейін комиссияның құрамына енетін кандидатураларды және қосымша баяндама жасаушыны айқындауы қажет.

Осыған байланысты Сенаттың тиісті қаулысының жобасы сіздерде бар. Ұсынылған кандидатуралар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Уважаемый Олжас Абаевич! В ходе депутатских выездов в регионы мы посетили Казахский национальный аграрный исследовательский университет и провели встречу с педагогическим коллективом. Это был откровенный и предметный разговор о реальном положении дел в аграрном образовании и науке. Именно на местах более четко видно, что кадровый вопрос в сельском хозяйстве сегодня приобретает стратегическое значение.

Одним из ключевых ограничений сегодня становится дефицит квалифицированных кадров в сельском хозяйстве и ветеринарии.

Основной контингент аграрных вузов – это сельская молодежь. В 2025 году выпускниками школ стали более 217 тысяч человек, при этом более 67 процентов школ расположены в сельской местности, то есть значительная часть выпускников – это сельские школьники.

Одновременно растет и спрос на высшее образование. В январском ЕНТ 2025 года приняли участие около 187 тысяч абитуриентов. Однако на этом фоне проводимая политика в сфере аграрного образования вызывает серьезные вопросы. Несмотря на рост общего количества образовательных грантов в 2,5 раза за последние 10 лет, доля грантов по направлениям «Сельское хозяйство и биоресурсы» и «Ветеринария» сократилась вдвое, с 8,5 до 4 процентов. Так, в 2025 году количество государственных образовательных грантов по направлению «Сельское хозяйство и биоресурсы» сократилось на 16 процентов, в том числе по растениеводству – на 37 процентов, по животноводству – на 23 процента.

Несмотря на то, что именно растениеводство и животноводство являются ключевыми направлениями сельского хозяйства, наблюдается устойчивое сокращение государственной поддержки в подготовке кадров по этим специальностям. Это противоречит приоритетной роли агропромышленного комплекса, а также объективной необходимости развития ветеринарной службы, как одного из ключевых элементов обеспечения биологической безопасности страны.

Ситуацию усугубляет социальный фактор. В настоящее время стипендия студентов аграрных и ветеринарных специальностей составляет около 52 тысяч тенге, что существенно ниже размера стипендий по педагогическим и медицинским направлениям, достигающих до 84 тысяч тенге. При этом доходы сельских семей нестабильны, более половины расходов приходится на базовые нужды, а обучение детей в городах требует дополнительных затрат.

В рамках проводимой политики провозглашается приоритет агропромышленного комплекса, но реальные условия для подготовки сельской молодежи в аграрной сфере остаются недостаточными.

В то же время есть положительный и показательный пример. Так, в 2023 году университету были переданы в доверительное управление четыре ведущих научно-исследовательских института и одно опытное хозяйство Министерства сельского хозяйства.

За короткий срок достигнуто 97 процентов целевых индикаторов, обеспечена реальная интеграция науки, образования и производства, почти вдвое выросло финансирование научных проектов, активно внедряются цифровые решения и результаты исследований в регионах страны.

Вместе с тем в программе развития Казахского национального аграрного исследовательского университета на 2026–2030 годы уже предусмотрены источники финансирования, однако ее утверждение затягивается.

Аналогично ограниченные сроки договоров доверительного управления научно-исследовательских институтов создают риски срыва долгосрочных научных и инвестиционных проектов.

В этой связи в интересах государства просим Правительство Республики Казахстан:

1) пересмотреть государственный образовательный заказ и увеличить количество грантов по направлениям «Сельское хозяйство и биоресурсы» и «Ветеринария»;

2) уравнивать размер стипендий студентов аграрных и ветеринарных специальностей со стипендиями по педагогическим и медицинским направлениям;

3) обеспечить оперативное утверждение программы развития Казахского национального аграрного исследовательского университета на 2026 – 2030 годы;

4) продлить до 31 декабря 2030 года договоры доверительного управления по четырем профильным научно-исследовательским институтам и одному опытному хозяйству для завершения начатых инвестиционных проектов.

Мы убеждены, что принятие данных решений станет системным шагом, направленным на укрепление продовольственной безопасности, устойчивое развитие сельских территорий и совершенствование подготовки кадров для агропромышленного комплекса.

С уважением, депутаты Сената Парламента З. Кузиев, Ж. Жоргенбаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Бүгінгі депутаттық сауалға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және еліміздің экспорттық әлеуетін арттыру жөніндегі стратегиялық тапсырмаларының орындалу барысындағы күрделі кедергілер негіз болып отыр.

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ арқылы берілетін несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау тетігін қайта қарау шаралары жүргізілуде. Алайда бұл реформалардың қарқыны мен іске асыру тетіктері ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерінің үмітін ақтамай, саланың тұрақты дамуына қауіп төндіруде.

Біріншіден, бюджеттік жоспарлаудың тиімсіздігі мен қаржылық тәртіптің төмендігі салдарынан мемлекеттің фермерлер алдындағы субсидиялар бойынша берешегі 341,3 миллиард теңгеге жетті. Оның ішінде 152,2 миллиард теңгесі дәл осы несиелік пайыздарын өтеуге арналған қаражат. Мемлекет тарапынан міндеттемелердің уақытылы орындалмауы фермерлерді банк алдындағы 20 – 22 пайыздық коммерциялық жүктемені өз қалтасынан өтеуге мәжбүрлеп, оларды қарызға итермелеуде.

Екіншіден, жеңілдетілген несиелік қол жеткізудегі теңсіздік мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Екінші деңгейлі банктердің ауылдағы активтерді бағалау саясаты шағын және орта шаруа қожалықтарын қаржыландырудан шеттетіп отыр.

Үшіншіден, техникалық парктың тозуы және «ҚазАгроҚаржы» АҚ желісі бойынша лизингтік бағдарламалардың инфляциялық процестерге сәйкес келмеуі ауыл шаруашылығының өнімділігін төмендетіп, азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіруде.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесі мәселелер бойынша Үкіметтің нақты ұстанымын білгіміз келеді:

1. Мемлекеттік субсидиялар бойынша 341,3 миллиард теңге берешегін өтеудің 2026 жылға арналған нақты айлық кестесін ұсыну және төлемдердің кешіктірілуіне байланысты фермерлер шығынын өтеудің құқықтық тетігі қарастырылған ба?

2. Субсидиялаудың қосымша шығындарын азайту мақсатында «Аграрлық несиелік компаниясы» АҚ арқылы несиені бірден нақты 5 пайыздық мөлшерлеменен беру тетігін заңнамалық деңгейде бекіту қарастырылған ба?

3. Ауылдағы жылжымайтын мүлікті және жер пайдалану құқығын әділ бағалайтын арнайы мемлекеттік бағалау институтын құру немесе кепілдендіру қорының мүмкіндіктерін кеңейту жоспарда бар ма?

4. Көктемгі егіс және күзгі дала жұмыстарының маусымдық сипатын ескеріп, инвестициялық субсидиялардың кемінде 50 пайызын алдын ала (аванс түрінде) төлеу тетігін енгізу мүмкіндігін қарастыруды пысықтау.

5. Қаржылық қолдауды тек өнім өндіруге емес, өнімді терең өңдеуге бағытталған жобалар үшін 2-3 пайыздық ұзақ мерзімді (10 жылға дейін) несиелеу бағдарламасын әзірлеу бойынша ұстаным қандай?

«Ауыл – ел бесігі, ал еңбек – елдіктің негізі» демекші, шаруалардың мұң-мұқтажына құлақ асып, аграрлық сектордағы бұл қордаланған мәселелер тек экономикалық емес, әлеуметтік маңызға ие екенін түсіну керек. Үкімет тарапынан бұл бағытта шұғыл және жүйелі шаралар қабылданады деп сенеміз.

Жауапты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімде жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары Б. Орынбеков, Ә. Бектаев, С. Арубаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал өзіңіздің тапсырмаңызға сай кешегі желтоқсан-қаңтар айларындағы өңірлерге іссапар кезінде туындаған мәселелер аясында еліміздің Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау және оның мызғымастығын сенімді қамтамасыз ету негізінде мемлекеттік шекараға тікелей іргелес орналасқан аумақ – шекаралық белдеудің құқықтық реттелуі мен нақты жай-күйі ерекше маңызға ие. Аталған аумақтың белгілену және пайдаланылу тәртібі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Заңмен айқындалған.

Аталған заңға сәйкес шекаралық белдеудің ені географиялық орналасуына қарай жүз метрден бірнеше шақырымға дейін белгіленеді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес мемлекеттік шекараның белдеуінде орналасқан жер учаскелері жекеменшікке де, уақытша жер пайдалануға да берілмейді. Алайда бүгінгі таңда шекаралық белдеу бойында орналасқан үш мыңнан астам жер учаскесі жеке және заңды тұлғалардың меншігінде қалып отыр және оларды мемлекет мұқтажы үшін босату қажеттілігі туындауда. Бұдан бөлек шекара инфрақұрылымдарын салу (жолдар, қоршау құрылыстары, бақылау мұнарасы, бақылау пункттері), шекара нарядтарының орналасуы

мен қозғалысын, сондай-ақ мемлекеттік шекараны қорғаудың техникалық құралдарын орналастыру қажеттілігіне байланысты шекаралық белдеудің енін ұлғайтуға объективті қажеттілік бар.

Қазіргі уақытта көрші мемлекеттермен шекаралық белдеу енінің белгіленген көлемі 2 мың метрден 100 метрге дейін құрайды. Алайда Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасымен шекаралас жекелеген учаскелерде бұл талаптар іс жүзінде сақталмай отыр. Атап айтқанда, Жамбыл және Түркістан облыстарының аумақтарында шекаралық белдеудің ені кей жерлерде 30 метрден аспайды, бұл құқық бұзушыларға өте қысқа уақыт ішінде кесіп өтуге мүмкіндік береді. Аталған шекара арқылы тауарлар мен ауыл шаруашылығы жануарларын заңсыз алып өту фактілері орын алуда. Осыған байланысты шекаралық белдеудің енін кемінде 1 мың метрге дейін ұлғайту қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар Жер кодексінің қолданыстағы нормалары шекаралық белдеуде жер пайдалану құқығына тыйым салады, тек жеке қосалқы шаруашылыққа арналған мал жаю мен шөп шабуға құрылыс объектілерін салу құқығынсыз пайдалануға ғана жол береді. Осы ретте Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Жер кодексінің шекаралық белдеуде жер учаскелерін уақытша жер пайдалануға беруді көздемейтін қолданыстағы нормаларын сақтаудың орындылығы жөніндегі ұстанымын білдіріп отыр. Атап айтқанда, шекаралық белдеуге қолжетімділікті шектеу, рұқсатсыз құрылыс пен қоршаулар салу, сондай-ақ шекара қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді болдырмау мақсатында айқындалады.

Құрметті Олжас Абайұлы! Ұлттық қауіпсіздікті нығайту және мемлекеттік шекараны қорғаудың тиімділігін арттыру мақсатында сізден келесі мәселелерге қолдау көрсетуіңізді сұраймыз:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметі деңгейінде Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан және Түрікменстан елдерімен шекаралас жекелеген учаскелерде белдеудің енін 1 мың метрге дейін ұлғайту мәселесін қарастыруды;

2) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне шекаралық белдеуде орналасқан жер учаскелерін уақытша жер пайдалануға беру мәселесі бойынша өзгерістер енгізудің құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан кешенді шешімін табуды өтіне сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары А. Нұғманов, М. Қожаев, Б. Орынбасаров, С. Ершов, Ғ. Сарыбаев, Б. Жексенбай, А. Сатвалдиев, Г. Шиповских». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігі пайдаланылмай жатқан және қолданыстағы заңнаманы бұза отырып берілген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бағытында ауқымды әрі жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Осы үрдісті нығайту мақсатында Парламент Сенаты тарапынан да заңға тиісті түзетулер қабылданды. Нәтижесінде 14,3 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды, оның ішінде 1,1 миллион гектары егістік жерлерді, 12,7 миллион

гектары (88 пайызы) жайылымдық алқаптарды құрады. Қайтарылған жерлердің 8,5 миллион гектары ауыл шаруашылығы айналымына қайта енгізілді. Алайда елеулі жерлердің мемлекет меншігіне қайтарылғанына қарамастан еліміздің бірқатар өңірлерінде жайылым тапшылығы әлі де сезілуде. Атап айтқанда, Маңғыстау облысында жайылым тапшылығы 2,3 миллион гектарды құрап, өңірдің табиғи-климаттық жағдайының күрделілігі, жауын-шашынның аздығы, сондай-ақ мал шаруашылығының дәстүрлі түрде кең ауқымда жүргізілуі бұл мәселені қиындатып отыр.

Түркістан облысында жайылым жетіспеушілігі 531 мың гектар көлемінде қалыптасқан. Мұнда халық тығыздығының жоғары болуы, жеке шаруашылықтардағы мал басының көптігі және елді мекен маңындағы жайылымға түсетін жүктеменің шамадан тыс артуы жердің тозуына, экологиялық ахуалға әкелуде. Ал Қызылорда облысында жайылым тапшылығы 403 мың гектарды құраса, Алматы облысында 758 мың гектарға жетіп отыр. Аталған өңірлерде таулы және шөлейтті аймақтардың ерекшеліктеріне байланысты жайылымдардың қолжетімділігі шектеулі, ал елді мекендерге жақын жерлерге түсетін салмақ жылдан-жылға артып келеді.

Қостанай облысында жайылым тапшылығы 379 мың гектарды құрап, егістік үлесінің жоғары болуы жайылымдық алқаптардың қысқаруына айтарлықтай әсер еткен. Бұл жердегі басты себеп қайтарылған жайылымдардың бір бөлігінің елді мекендерден алыс орналасуы және су көздері, жол, құдық секілді инфрақұрылымның жоқтығы немесе табиғи-климаттық тұрғыдан тиімді пайдалануға жарамсыздығы. Соның салдарынан алқаптар шаруаларға қайта табысталғанымен, іс жүзінде ауыл тұрғындары үшін қолжетімді ортақ жайылымға айналмай отыр.

Сонымен қатар жайылым тапшылығын тудырып отырған маңызды факторлардың бірі – бұрын ауыл шаруашылығы айналымында болған бірқатар жерлердің мемлекеттік орман қорына өтіп кетуі. Бұл мәселе Жамбыл облысына жасалған жұмыс сапары барысында да көтерілді. Атап айтқанда, 1989 – 1994 жылдары жайылымдық жерлердің 2,3 миллион гектары орман қоры есебіне өтіп, нәтижесінде шаруалардың маусымдық жайылым кезінде пайдаланып келген алқаптарға қол жеткізе алмау фактілері тіркелді. Аталған жерлердің едәуір бөлігі қазір орман өсіру функциясын атқармайды. Алайда оларды мал шаруашылығы мақсатында пайдалануға заңнамалық тұрғыдан шектеулер бар. Нәтижесінде ауыл шаруашылығына қолайлы алқаптар айналымнан тыс қалып отыр.

Құрметті Олжас Абайұлы! Жоғарыда айтылғандардың негізінде Үкіметтен:

1) елді мекендерден алыс орналасқан, су көздері мен жол, құдық секілді инфрақұрылымы жоқ жайылым жерлерді түгендеп, оларды ауыл шаруашылығы айналымына қосу үшін қаржылық қолдау арқылы инфрақұрылым тартуды көздейтін арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдауды;

2) барлық өңірлерде жайылымдық жерлердің типін, табиғи аймақтарын және экологиялық-географиялық ерекшеліктерін айқындайтын кешенді ғылыми, геоботаникалық зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижесін бірыңғай цифрлық базаға енгізуді;

3) орман өсіру функциясын атқармай отырған, бірақ ауыл шаруашылығына қолайлы жерлерді жайылым ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін құқықтық тетіктерді қарастыруыңызды сұраймыз.

Құрметпен Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің депутаттары мен Қаржы және бюджет комитетінің депутаты Б. Орынбеков». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылғы 15 наурызда Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде ұлттық бірегейлікті нығайту мен төл тарихымызды түгендеудің маңыздылығын баса айтқан болатын. Алайда еліміздің экономикасына зор үлес қосып отырған Маңғыстау өңірінде ұлт руханиятының алыптары мен тарихи мекендердің тиісті деңгейде ескерусіз қалып жатқаны байқалады. Бұл мәселе тек бір өңірдің ғана емес, тұтас мемлекеттік идеологияның олқы тұсы болып табылады. Осыған байланысты менің атыма Маңғыстау жұртшылығынан, зиялы қауым мен ардагерлерден бірнеше өзекті мәселе бойынша көптеген өтініш келіп түсуде.

Біріншіден, 2026 жылы халық ақыны, суырыпсалма өнердің дүлділі Сәттіғұл Жанғабылұлының туғанына 150 жыл толады. Сәттіғұл ақын Абыл, Нұрым, Қашағандардың жалғасы, Исатай-Досан көтерілісінің рухын жырлаған қазақтың мәдениет саласына елеулі үлес қосқан дара тұлғалардың бірі. Алайда осынау ұлттық деңгейдегі тұлғаның мерейтойы Оқу-ағарту, Мәдениет және ақпарат министрліктерінің жоспарына әлі де енбей, тасада қалып келеді. Ақынның мұрасын зерттеу үшін Орал, Алматы, Атырау қалаларымен көршілес Ресей, Өзбекстан архивтеріне ғылыми экспедициялар ұйымдастыру кезек күттірмейтін мәселе.

Екіншіден, әлемдік деңгейдегі мұра «Қырымның қырық батыры» жырын бүгінгі күнге жеткізген феномен тұлға, XX ғасырдың Гомері атанған, Мұрын жырау атымен танылған Тілеген Сеңгірбекұлының есімі әлі де лайықты деңгейде ұлықталмай отыр. Бұл жырлар кезінде Қаныш Сәтбаев бастаған зиялылардың тікелей араласуымен соғыстың қиын кезеңіне қарамастан Мұрын жырауды Алматыға арнайы алдырып, таспаға басылған бірегей қазына.

Қырғыз халқы «Манас» жырын конституциямен қорғап, ЮНЕСКО тізіміне енгізсе, біз де Мұрын жырау мұрасын мемлекеттік деңгейде заңмен қорғауға және оны халықаралық мінберде дәріптеуге тиіспіз. Бұл тек мерейтойлық шаралармен шектелмей, жырдың тұтастығын сақтайтын арнайы құқықтық мәртебе беруді қажет етеді. Ноғайлы дәуірінің тарихын арқалаған бұл жыр тек бір аймақтың емес, бүкіл түркі дүниесіне ортақ рухани ескерткіш. Сондықтан оның қорғалуы мемлекеттік деңгейдегі басты міндет.

Сәттіғұл Жанғабылұлы мен Мұрын жыраудың шығармашылығы отансүйгіштік пен бірліктің мектебі. Егер біз бұл ұлы тұлғаларды республикалық деңгейде дәріптемесек, олардың есімі тек ғалымдар мен тар шеңбердегі мамандардың арасында ғана қалып қоймақ.

Мемлекет басшысы кешегі құрылтайда Әл-Фараби, Яссауи және Абай ілімдерін жан-жақты дәріптейтін ғылыми жиындарды тұрақты өткізіп тұру қажеттігін және бұл біздің рухани философиялық болмысымыздың тірегі екенін қадап айтты.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып сізден:

1) Сәттігүл Жанғабылұлының 150 жылдық мерейтойын 2026 жылы жалпы республикалық мерейтойлар тізіміне енгізуді және оны дайындау мен өткізу бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын бекітуді;

2) «Қырымның қырық батыры» эпостық жырын әлемдік деңгейде насихаттау үшін оны ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізу бойынша халықаралық деңгейдегі кешенді жұмыстарды Үкімет тарапынан жеделдетуді және осы мұраны заңнамалық деңгейде қорғау тетіктерін қарастыруды;

3) Мұрын жырау мен Сәттігүл ақынның еңбектерін, сондай-ақ «Қырымның қырық батыры» жырының академиялық жинақтарын мемлекеттік тапсырыс аясында көп таралыммен басып шығаруды, оларды цифрлық форматқа көшіріп, еліміздің барлық білім беру ошақтары мен кітапханаларына жеткізуді қамтамасыз етуді сұраймын.

Депутаттық сауалға заңға сәйкес толық жазбаша жауап беруіңіз сұралады.

Құрметпен депутаттар Б. Орынбасаров, С. Мәкежанов, С. Алдашев, Н. Жүсіп, А. Нухұлы, А. Есбай, Б. Жексенбай, А. Қапбарова, Ә. Рахметова, Ғ. Сарыбаев, Н. Ниязова, З. Кузиев, А. Сатвалдиев, Е. Больгерт, Г. Шиповских». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 22 қаңтар

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы адамдарды реадмиссиялау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Французской Республики о реадмиссии лиц», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Қ.Қ. ТАСТЕКЕЕВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ТАСТЕКЕЕВА К.К. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

РАХМЕТОВА Ә.Қ. 3

ӘДІЛОВ С.Ә. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан 3

ЕРШОВ С.М. 3

БАҚАЕВ Ә.Ә. – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, заместитель Министра иностранных дел Республики Казахстан 4

ШАЙДАРОВ С.Ж. 4

ӘДІЛОВ С.Ә. 5

КУЗИЕВ З.П. 5

МЕДЕБАЕВ С.Т. 5

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Монголии о сотрудничестве в пенсионной сфере», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі А.Ғ. ЕСБАЙДЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке ЕСБАЯ А.Е. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НИЯЗОВА Н.И.	8
ШЕГАЙ В.В. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, вице-министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан	8
ШИПОВСКИХ Г.Г.	8
ШЕГАЙ В.В.	9
ҚАДЫРБЕК М.Б.	9
ШЕГАЙ В.В.	10
НУХҰЛЫ А.	10

Депутат З.П. КУЗИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КУЗИЕВА З.П. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	11
------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

Депутат Б.С. ОРЫНБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ОРЫНБЕКОВА Б.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	13
---------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

Депутат А.Ш. НҰҒМАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУГМАНОВА А.Ш. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	14
--------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

Депутат С.Қ. АРУБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АРУБАЕВА С.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	15
-------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

Депутат Б.Т. ОРЫНБАСАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	17
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева